

2. Турция пропустила в Евросоюз более 47 тыс. беженцев. <https://www.zakon.kz/5009651-turtsiya-propustila-v-evrosoyuz-bolee.html>, (21.03.2020)
3. На фоне коронавируса ЕС избавляется от беженцев. <http://www.newsru.co.il/press/24mar2020/eu465.html> (23.03.2020).
4. Пандемия лишила Турцию рычага давления на Евросоюз, - И.Субботин. <https://centrasia.org/newsA.php?st=1585000020> (24.03.2020)

УДК 327

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ «ЖҰМСАҚ КҮШІ» САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ

Еламан Гүлнұр Жолмырзақызы

gulnura777@mail.ru

1-курс магистранті, Халықаралық қатынастар мамандығы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан

Ғылыми жетекшісі - Медеубаева Ж.М.

Орталық Азия - Еуразиялық кеңістіктегі белсенді дамып келе жатқан және даму келешегі бар өңірлердің бірі. Орталық Азия мемлекеттері көптеген елдердің, оның ішінде еуропалық елдердің инвестициялары мен түрлі жобаларын іске асыру үшін тартымды мақсаттар көздеріне айналып отыр.

«Жұмсақ күш» әсер ету тұтқасын қолдана отырып, өз мүдделерін іске асыратын Еуропалық Одақ аймаққа және оның елдеріне ерекше көңіл бөледі.

Алғаш болып Дж. Най «жұмсақ күш» анықтамасын методологиялық тұрғыдан қарастырып, оның кең ауқымды мағыналар шеңберін қамтитындығын көрсетті. Дегенмен, оның негізінде елдің тартымды бейнесін жасау жөніндегі шаралар кешені айқын болып табылады [1, б. 48].

Соңғы онжылдықта әртүрлі мемлекеттер өздерінің сыртқы саясаттарында «жұмсақ күштің» әлеуетін әртүрлі жолдармен іске асыруға тырысты, бұл оны пайдаланудың бірнеше түрлі стратегияларының бар екендігі туралы айтуға мүмкіндік береді. «Жұмсақ күшін» пайдаланудың американдық, еуропалық, кеңестік, жапон, ресейлік және қытайлық стратегияларына бөлінетіндігін анықтайды [2, б. 130].

«Жұмсақ күш» тұрғысынан еуропалық елдер жаһандық маңызы бар бірыңғай орталық ретінде әрекет ететіндігі мәлім. Оның өзі дауларды бейбіт келіссөз жолымен шешу, адамның және этникалық азшылықтардың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтарын сақтау қажеттігі туралы түсініктерін қамтиды.

«Еуропалық құндылықтардың» басқа компоненттерінің бірі ретінде қоғамдық ынтымақтастық және еуропалықтардың әл-ауқатын арттыру негізінде экономикалық және саяси тұрақтылықты қамтамасыз етумен қатар, қауіпсіз және достық сыртқы ортаны қолдауды айқындауға болады.

Аталған құндылықтар Шығыс Азиядан Африка мен Латын Америкасына дейінгі көптеген «еуропалық емес» елдер мен аймақтардың саяси мәдениетіне әсер етті және әрі қарай ықпал етуді жалғастыруда [3].

Моральдық құндылықтарға негізделген Еуроодақтың мәдени бәсекеге қабілеттілігін талдай отырып, Гарвард университетінің профессоры Дж. Най «ешқандай еуропалық мемлекет АҚШ-пен бәсекеге түсе алмайды, алайда біріккен Еуропа өзінің халқы саны жағынан үлкен эквивалентті көлемдегі нарық болып табылады» деп санайды.

Дж. Найдың айтуынша, Еуропалық Одақ біріккен Еуропаның символы бола отырып, өз бетінше «жұмсақ күш» сипатында көрініс табады [4, б. 77].

Әскери және экономикалық салаларда артта қалғанына қарамастан, Еуропа АҚШ-пен дүние жүзіндегі адамдардың сана мен жүрек үшін күресте бәсекелеседі. Еуропалық тілдер, Еуропаны «гүлдену оазисі» ретінде қабылдау, әлемдегі ең жоғары әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, сондай-ақ француз шарабы, испан курорттары мен швейцариялық сенімділік - осының барлығы Еуропа мен еуропалықтардың мәдени тартымдылығына қатысты бейнелері болып есептеледі.

Саяси құндылықтар, олардың «жұмсақ тартымдылығы» және халықаралық мәселелерді шешу кезінде еуропалық саясаткерлердің көпжақты институттарды тарта отырып ынтымақтастыққа бағыттау, жанжалдарды әскери емес шешуге баса назар аудару - халықаралық қоғамдастықтағы еуропалық имидждің тұрақты белгілерінің бірі болып саналады [2, б. 131].

Одақ ішінде де, сыртқы ортада да қолайлы бейнені қалыптастыруға арналған ЕО-ның «жұмсақ күші» бірнеше өзгермейтін міндеттерден құралады:

Біріншіден, еуропалық сыртқы саяси элиталардың күш-жігері Одақтың барлық елдері ұлттық егемендіктің сегменттерін ұлттықтан жоғары органға, яғни өздерінің мәдени құндылықтарын, ұсынымдары мен құқықтық институттарын әмбебаптандыруға бағытталған.

Екіншіден, (бұл бірінші міндеттен туындайды) Брюссельдің қолындағы өкілеттіктерді орталықтандыру Батыс Еуропаның банк капиталына негізгі алтын - валюта ағындарын Еуропалық Орталық Банкіне (ЕОБ) бағыттап, әлемдік периферия үстіндегі жағдайды нығайтуға мүмкіндік береді.

АҚШ-тың Орталық барлау басқармысының талдау бөлімі жүргізген зерттеулері бойынша «еуропалық өнер, әдебиет, музыка, дизайн, сән және тамақ ұзақ уақыт бойы жаһандық мәдени тартқыштар көзі болды». Американдық барлау әрбір еуропалық ел мықты мәдени тартымдылыққа ие, әлемнің ең көп таралған ауызекі тілдердің жартысын еуропалық тілдер құрайтындығын мәлімдейді [5].

Шынында да, еуропа тілдері Азия, Австралия және Латын Америка халықтары қолданған тілдердің көпшілігін ысырып тастап, халықаралық қарым-қатынас құралына айналды. Мысалы, испан тілі Иберия түбегін Латын Америкасымен байланыстырады.

ЕО-ның «жұмсақ күші» болып табылатын мәдени және білім беру саясатының тағы бір жалпы аспектісі еуропалық мәдениетті әлемде тарату жөніндегі мәдени орталықтарды ЕО институттарымен қаржыландыру болып табылады.

Белсенді лингвистикалық саясатты Франция үкіметі де жүргізуде, ол франкофония елдерінде де, бүкіл әлемде де француз тілінің мәртебесін нығайтуға жыл сайын 1 миллиард доллар жұмсайды. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, «бұл шаралар Париж әлемнің алғашқы зияткерлік, мәдени және философиялық астанасы болмаса да, соңғы жарты ғасырда француздық «жұмсақ күштің» күшеюіне алып келді».

Еуроодақтың «жұмсақ күші» ғылыми жетістіктер арқылы жылдан жылға әлемдік қоғамдастықтың мойындауына ие болып отыр. Профессор Дж. Найдың еуропалықтарға берілген Нобель сыйлығының қызықты статистикасы бойынша, Франция әдебиет бойынша Нобель сыйлықтарының саны бойынша бірінші орында, Ұлыбритания, Германия және Испания сәйкесінше екінші, үшінші және төртінші орында тұр. Ұлыбритания, Германия және Франция физика және химия саласындағы Нобель сыйлығы бойынша екінші, үшінші және төртінші орынға ие [4, б.78].

Еуропаның «жұмсақ күшін» басқа да әсерлі көрсеткіштер бойынша байқауға болады. Мысалы, Ұлыбритания, Германия және Франция музыкалық өнімдерді сату көлемі бойынша үшінші, төртінші және бесінші орындарда (АҚШ пен Жапониядан кейін), Германия мен Ұлыбритания кітап сату бойынша үшінші және төртінші орында, ғаламтордағы вебсайттар саны бойынша төртінші және бесінші орында болса, Франция туристерді тарту бойынша

Құрама Штаттардың алдында, Ұлыбритания мен Германия саяси баспана беру туралы өтініштер саны бойынша екінші орында екенін айтуға болады [4, б.76].

Дж. Най АҚШ-тан Еуропалық Одақтың басқа да мәдени артықшылықтарының бірі ретінде еуропалық футболдың рөлін көрсетеді. Себебі, оның ойынша американдық футбол немесе баскетбол, еуропалық футбол секілді әлемде танымал емес [4, б. 77].

Бүгінгі таңда Одақ елдері өзінің ашық дипломатиясын дамытуға, әсіресе халықаралық мәдени байланыстарды орнатуға айтарлықтай қаражат жұмсайды. Еуропалық Одақ пен Орталық Азияны жақындастырудың өңіраралық тәжірибесі, әсіресе стратегиялық әріптестікті дамыту барысында сыни көзқарасқа да назар аударуға тұрарлық.

ЕО-ның Орталық Азия елдерімен әріптестігінің перспективалары екіжақты қатынастардағы, ең алдымен, іске асырылып жатқан бағдарламалар мен сауда-экономикалық саладағы негізгі үрдістерді талдау негізінде қаралады.

Екі жақты қарым-қатынастардың дамуы ЕО мен Орталық Азияның стратегиялық мақсаттылығына ие болатын «жаңа серіктестік» ұғымында көрсетілген жалпы бағытты сипаттайды.

Бірнеше жыл бұрын «Орталық Азия елдері - Шығыс көршілерінің көршілері» деп аталатын Еуропалық Одақтың сыртқы қатынастар және еуропалық саясат жөніндегі бұрынғы комиссары Б.Ферреро-Вальднердің бейнелі сөзі саяси және дипломатиялық лексикаға тез енгізілді. Ол өз сөзінде былай дейді: «Қазақстан Орталық Азиядағы ЕО үшін маңызды серіктес болып табылады. Біз демократиялық және экономикалық реформаларды қолдаймыз, екіжақты жақсы дамыған сауда қатынастарымызға сүйене отырып, энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайтамыз және Орталық Азиядағы аймақтық тұрақтылыққа бірлесіп ықпал ету үшін жаңа жолдарды іздейміз» [6].

Орталық Азияның бай табиғи ресурстары - Қазақстанның, Түркменияның және Өзбекстанның мұнайы мен газы, сондай-ақ Тәжікстанның су ресурстары - еуропалық жобаларды қоса алғанда, түрлі халықаралық жобаларды іске асырудағы аймақ ретінде қарастырылады. Бұған көліктік және энергетикалық магистральдар желісін құру бойынша ірі жобалар жатады. Атап айтқанда, «Батыс Қытай - Батыс Еуропа» трансконтиненталдық жобасы, «Солтүстік - Оңтүстік», «Солтүстік ағын», «Оңтүстік ағын» және т. б. жобалары болып табылады.

Тұтастай алғанда, өңірдегі нақты саясатты ЕО мен Орталық Азия елдері арасындағы өңірлік маңызды байланыстарды дамыту аясындағы прагматикалық мүдделердің басымдығы айқындайды. ЕО-ның Орталық Азияға қатысты саясаты либералды прагматизммен, ал Орталық Азия елдерін ЕО-ға олардың мүдделерін бекітуді сүйемелдейтін «ілеспе» прагматизм ретінде айқындалады. Н.Назарбаевтың айтуынша, «Қазақстан Еуроодақ үшін Орталық Азияға «қақпа» болуға дайын» [7].

Брюссель өз тарапынан «тұрақты, әділ және ашық қоғамдарын дамыту мен шоғырландыру» деген міндеттерін Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастық пен серіктестік аясында жүргізетінін хабардар қылды.

Бүгінгі таңда «Орталық Азиямен жаңа серіктестікке арналған ЕО стратегиясы» шеңберінде маңызды бағыттар мен жобалар жүзеге асырылады. Бұл құжат Р. Проди мен Н. Назарбаевтың 2000 жылы ұсынылған Орталық Азия аймағын дамыту бойынша бірыңғай доктрина құру туралы бастамасынан кейін бес жылдан астам уақыт дайындалды [6]. Стратегия бағдарлама ретінде 2007 жылы ЕО кеңесінде Германияның 27 мүше-мемлекеттерін төрағалық етуі аясында қабылданды.

Алайда, жоғарыда көрсетілген жобалардың Орталық Азия елдері үшін айқын маңыздылығына қарамастан, ЕО-ның әлеуметтік саладағы негізгі күш-жігері білім беру сегментінде тоғыстырылған.

Аймақта Еуроодақтың бүкіл әлем бойынша тарататын білім беру бағдарламалары іске қосылғанын атап өту қажет. Мысалы, «Эрасмус Мундус» (Erasmus Mundus) студенттермен,

ғылыми және педагогикалық кадрлармен алмасу, сондай-ақ «Болон процесі» шеңберінде ұлттық жоғары білім беру жүйесін реформалауға бағытталған «Темпус» бағдарламасы (Trans – European Mobility Programme for University Studies-Tempus) болып табылады.

Жоғарыда аталған соңғы бағдарлама «жоғары білім берудің еуропалық кеңістігін біріктіру» туралы мақсатты қойған еуропалық елдер Болоньяда (Италия) қол қойған келісімнен өз атауын алды. Қазақстан 2010 жылы Болон декларациясына қол қойды. Сонымен қатар, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан да осы процеске қосылды.

2014 жылы «Эрасмус Мундус» және «Темпус» бағдарламаларының орнын ЕО «Эрасмус+» (Erasmus+) - «оқу ұтқырлығы, инновация үшін ынтымақтастық, озық тәжірибемен алмасу және білім беру реформаларын қолдау бағдарламасы» ауыстырды.

«Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігін» қалыптастырудың тағы бір негізгі құралы 1999 жылы күшіне енген шетелдік біліктілікті тану жөніндегі Лиссабон конвенциясы болды. Құжатқа Еуропа Кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Қазақстан мен Қырғызстан қол қойды, бірақ ЮНЕСКО жіктемесіне сәйкес үш басқа Орталық Азия елдерімен бірге олар «Еуропа және Латын Америкасы аймағы» құрамына енгізілді.

Еуропалық білім беру бағдарламаларының іс-қимыл саласына еуропалық институттармен белсенді ынтымақтасатын Орталық Азия елдерінің бірқатар жоғары оқу орындары (Назарбаев Университеті; Қазақстандық менеджмент, Экономика және болжау институты – КИМЭП; Қазақстан-неміс университеті; Өзбекстандағы халықаралық Вестминстер университеті және т.б.) кірді.

ЕО өзінің білім беру бағдарламаларының көмегімен Орталық Азия елдеріндегі саяси қатысуды ұлғайтуға ұмтылысы тек Қазақстан мен Қырғызстанда ғана белгілі бір жетістікпен ұштасқан, ал еуропалық функционерлер қабылдаған күш-жігерге қарамастан, басқа үш Орталық Азия елдерінде ЕО әсері Ресей мен Қытай ықпалынан айтарлықтай төмендей отырып, әлсіз және тұрақсыз болып қалып отыр [8, б. 237].

Сонымен қатар, 2010 жылғы шілдеден бастап әрекет ететін Орталық Азия ғылыми-білім беру желісі (CAREN) ұлттық ғылыми-зерттеу және білім беру желілері (NREN) арқылы Қазақстанның, Қырғызстанның, Тәжікстанның және Түркіменстанның 300-ден астам оқу орындарында жарты миллионнан астам ғалымдар мен студенттерді біріктіретін жоғары жылдамдықты ғаламтор қосылысын ұсынады. Өзбекстан жобаға болашақ қосылуға үміткер ел болып табылады. CAREN жобасы Еуропалық Комиссиямен және серіктес-бенефициарлармен бірлесіп қаржыландырылады және GÉANT зерттеу желілік ұйымымен басқарылады. CAREN жобасының бірінші кезеңі 2013 жылдың қазан айында сәтті аяқталды, нәтижесінде CAREN жобасы Орталық Азия үшін аймақтық желі болды. Екінші кезеңі аймақтың ғылыми-зерттеу және білім беру қоғамдастығы үшін ұзақ мерзімді пайдалармен желілік қосылуды, қызметтерді және техникалық қолдауды қамтамасыз ететін тұрақты инфрақұрылым құру мақсатында жүзеге асырылады [9].

2007 жылы кеңінен танымал ТАСИС бағдарламасы (1991-2006) демократияны нығайту жөніндегі жобаларды іске асыруға жәрдемдесу мақсатында Ынтымақтастықты дамыту институты құралымен (DCI) ауыстырылды. Қазақстан үшін DCI бірнеше тақырыптық бағдарламалары ұсынылды.

Олардың ішінде «Адамдарға инвестиция салу» бағдарламасы алты негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады: денсаулық, білім мен дағдылар, мәдениет, жұмыспен қамту және әлеуметтік бірлік, гендерлік теңдік, жастар мен балалар.

«Қоршаған орта және энергетиканы қоса алғанда тұрақты табиғатты пайдалану» бағдарламасы бар жобаларды толықтырады, серіктестік байланыстарға қатысты икемділігімен ерекшеленеді.

«Мемлекеттік емес субъектілер мен жергілікті билік органдары» бағдарламасы үш бағытты көздейді: дамушы елдер мен өңірлердегі қызмет, Еуропадағы даму мәселелері

бойынша хабардарлықты және білімді арттыру, сондай-ақ азаматтық қоғам мен жергілікті билік желілері арасындағы үйлестіруге жәрдемдесу шаралары.

«Көші-қон және баспана» бағдарламасы Орталық Азияның көші-қон ағындарының барлық аспектілерін басқаруды жақсартуға бағытталған.

Жоғарыда көрсетілгендерді негізге ала отырып, ЕО мен Орталық Азия елдерінің, әсіресе ХХІ ғасырда ҚР-ның жаңа серіктестігі белгілі бір нәтижелерге әкеледі деп айтуға болады.

Қорытындылай келсек, ЕО Орталық Азия елдеріне қатысты экологиялық, білім беру, мәдени және денсаулық сақтау салаларын қоса алғанда, бағдарламалардың әртүрлілігіне бағдарланатын «жұмсақ күшін» кеңінен қолданылатынын, сондай-ақ оның көбінесе экономикалық мүдделерді іске асыру үшін пайдаланатыны белгілі.

«Жұмсақ күшті» іске асыру тәжірибесі Дж. Найдың оған берген анықтамасы мен нысанына сай келмейтінін байқауға болады. «Жұмсақ күшті» кез келген күштеу емес әдістермен жиі түсіндіріледі. Тартымдылыққа баса назар аудару үлкен мүмкіндіктер ашуға ықпал ететіні түсінікті.

Жалпы алғанда, ЕО-ның «жұмсақ күші» саясатының Қазақстандағы ерекше рөлін мәдени және білімдік тартымдылықтың құрамдас бөліктері ойнайды. Бұл өз кезегінде Брюссельдің елде, сондай-ақ қазақстандық энергия көздері нарығында қабылданатын мемлекеттік шешімдерге әсері мен қатысуын кеңейтуге рұқсат етіледі дегенді білдіреді.

Сонымен қатар, еліміздің қазіргі даму кезеңінде еуропалық тәжірибені сіңіру және енгізу, сондай-ақ, Каспий мәселесін түпкілікті реттеу жағдайында экспорттық нарықтарды кеңейту перспективаларын ескере отырып, өңірдегі Еуроодақтың экономикалық мүдделерін қолдау қажет.

Бірақ Еуроодақтың ҚР-да «жұмсақ күш» құралдарын іске асыруы елдің мүдделеріне зиян мен зақымды азайту мақсатында қазақстандық биліктің бақылауымен ғана мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Лебедева М.М. «Мягкая сила» в отношении Центральной Азии: участники и их действия. //Вестник МГИМО. 2014. Б. 47-55<https://cyberleninka.ru/article/n/myagkaya-sila-v-otnoshenii-tsentralnoy-azii-uchastniki-i-ih-deystviya>(қарастырылған күні: 09.03.2020).
2. Бобыло А.М. «Мягкая сила» в международной политике: особенности национальных стратегий. Журнал Вестник Бурятского государственного университета.2013. Б.129-135.URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/myagkaya-sila-v-mezhdunarodnoy-politike-osobennosti-natsionalnyh-strategiy>(қарастырылған күні: 09.03.2020).
3. Цатурян С. А. «Мягкая сила» ЕС: инструмент создания единственной сверхдержавы // Молодой ученый. — 2010. — №1-2. Т. 2. — Б. 181-186. — URL <https://moluch.ru/archive/13/1223/> (қарастырылған күні: 20.02.2020).
4. Nye J. Soft Power. The Means to Success in World Politics. N. Y., 2004.
5. Central Intelligence Agency, The World Factbook. <http://www.cia.gov/cia/publications/factbook/fields/2098/>(қарастырылған күні: 20.02.2020).
6. Benita Ferrero-Waldner. EU and «the neighbors of our neighbors» // ЭкспрессК, 29.03.2007. № 53. Online: <express-k.kz/show_article.php?art_id=7939>(қарастырылған күні: 27.02.2020).
7. Nazarbayev N. Kazakhstan - EC: new page of relations // Казахстанская правда. - 13.04. 2010.
8. Европейская дипломатия: теория и практика / Под редакцией Медеубаевой Ж.М. – Нур-Султан: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. – Б. 297.
9. Официальный сайт Центральноазиатской научно-образовательной сети (CAREN) <https://icaren.org/>